

СЕГОДНЯ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ПРОХОДЯТ 13 МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ, ЧТО ДАЕТ ВОЗМОЖНОСТЬ ПАКИСТАНСКИМ БИЗНЕСМЕНАМ ЭКСПОРТИРОВАТЬ ТОВАРЫ В КИТАЙ, А ТАКЖЕ В СТРАНЫ ЕАЭС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ. ВОПРОСЫ ТРАНСПОРТИРОВКИ ЭКСПОРТНОЙ/ИМПОРТНОЙ ПРОДУКЦИИ В И ЧЕРЕЗ ПАКИСТАН ЯВЛЯЮТСЯ АКТУАЛЬНЫМИ И НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ИМЕЮТ НАИВЫСШИЙ ПРИОРИТЕТ.

Серик ЖУМАНГАРИН,  
заместитель Премьер-министра – министр торговли и интеграции



№72 (2889)  
29/08/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## НОВЫЕ МОСТЫ НА ВАЖНОМ УЧАСТКЕ

От станции Достык на границе Казахстана и Китая построят 92 железнодорожных моста. Кроме того, здесь установят 57 новых и удлинят 231 водопропускную трубу.

Айлин БАУРЖАН,  
Астана

В Дирекции по реализации крупных проектов АО «НК «ҚТЖ» отметили, что самые крупные мосты возведут на перегонах Бесколь – разъезд 8, Предузловая – разъезд 5, Ашыозек – Акжайдак, Токырау – Орта-Дересин, разъезд 5 – Жаксыбулак.

Железобетонные конструкции и изделия для искусственных сооружений изготавливаются на казахстанских заводах. Кроме того, производство шпал, рельсов, трансформаторов, поставка инертных материалов, песка и щебня будут осуществляться местными компаниями. Кроме того, в рамках



строительства будут задействованы около 3 700 человек, а при эксплуатации железнодорожной линии постоянные рабочие получат 500 человек. В настоящее время проводятся работы по возведению 63 мостов и уста-

новке 188 водопропускных труб. Строительство второй линии на участке Достык – Мойынты протяженностью 836 километров началось в ноябре прошлого года. Запуск второй линии увеличит пропускную способность участка

в пять раз, с 12 до 60 пар поездов. Это положительно скажется на перевозке грузов казахстанских экспортеров и повлияет на развитие транзитного потенциала страны. Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»

## ОБЪЕДИНЕНИЕ НА МАРШРУТЕ

Присоединиться к реализации экономических, торговых, транспортных и инвестиционных проектов через коридоры Север – Юг и Восток – Запад призвал партнер Глава государства Касым-Жомарт Токаев, сообщает Акорда.

– Транскаспийский международный транспортный маршрут, дополняющий важнейшую инициативу «Пояс и путь», открывает ценные перспективы торгового сотрудничества. Такое взаимодействие будет способствовать развитию межрегиональной торговли и раскрытию всего транзитного и транспортного потенциала наших регионов, – сказал Президент во время выступления на заседании диалога глав государств в формате «БРИКС плюс».

За шесть месяцев 2023 года объем грузоперевозок по ТМТМ составил 1 323 тысячи тонн, что на 72,2% больше по сравнению с первым полугодием прошлого года. При этом наблюдается рост экспортных перевозок из Казахстана на 130,8%. Их доля в общем объеме грузоперевозок по маршруту составила 78% – 1 031,3 тысячи тонн. Импортные перевозки в нашу страну относительно аналогичного периода 2022 года выросли на 27,5% и составили 194,5 тысячи тонн.

Отметим, что вчера лидер Казахстана принял участие в данном диалоге посредством видеоконференцсвязи. Диалог глав государств в формате «БРИКС плюс» проходил в рамках 15-го Саммита БРИКС в Йоханнесбурге.

На форуме Касым-Жомарт Токаев был в качестве действующего председателя Шанхайской организации сотрудничества. По словам Президента, мероприятие проходит на фоне нарастания напряженности на международной арене, характеризующейся масштабным политическим давлением, конфронтацией и широким применением санкций.

– Возрастающая роль Шанхайской организации сотрудничества получила всеобщее признание. Организация объединяет страны с быстро развивающейся экономикой, обладающие огромными человеческими ресурсами, природными богатствами и технологическим потенциалом. Казахстан как один из основателей ШОС намерен использовать свое председательство для ее преобразования в более эффективную организацию, способную отвечать на вызовы, которые стоят перед нами. За более чем два десятилетия ШОС накопила ценный опыт развития многосторонних отношений и сотрудничества на региональном уровне, – отметил Глава государства.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

## Инфрақұрылым

## «ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС: ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР ЖАҢАРТЫЛУДА

Жыл басынан бері «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша барлығы 53 өндірістік нысан жаңартылды. Солардың бірі Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты 1-ші класты Аягөз станциясындағы бағыттамалық бұрма қосындарының толыққанды күрделі жөндеуден өтуі маневрлік жұмыстарды үйлестірудің тиімділігін арттырды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Бүгінде солтүстік айналымдағы №1 бағыттама посты жүз пайызға жаңартып, бастан-аяқ қайтадан салынды. Мердігер мекеме «Теміржол Су-Аягөз» ЖШС құрылыс жұмыстарын диттеген мерзім ішінде сапалы орындап шықты. Жүргізілген жұмыстар барысы бөлімше басшысы Владимир Бабиченконың қатаң назарында болды.

Шатырланып, сәнді кірпішпен қапталып, жылыту жүйесі де жаңартылған нысанның есік-терезелері мен еден-қабырғаларына дейін жаңадан салынды. Ендігі аралықта қосын кезекшілері қыстың аязында от жағып, құл шығарып жүрмейді. Шағын ғана ғимарат экологиялық талаптарға сай электр қуатымен жылытылады. Бөлмедегі ауа температурасын реттеуге де мүмкіндік бар.

Қосын кезекшілері үшін тұрмыстық қажеттіліктер де алынды.

Әйтсе де, маңызды жайт – пост қызметінің де тың жолға қойылуы болып отыр. Орталықтандырылған бағыттама жұмыстарын басқару енді осында үйлестіріледі.

– Соның нәтижесінде бүгінде маневр-



лік жұмыстарды басқарудағы тиімділік айтарлықтай арта түсті. Мұнымен қатар, пост кезекшісіне станция басындағы пойыз құрастырушылардың жұмыс барысын ұдайы назарда ұстауға да мол мүмкіндік береді, – дейді Аягөз станциясының бастығы Нұржан Жақанов. Дәл қазіргі күндері Аягөз станциясы бойынша бос вагондарды қабылдап алу мен жөнелту ісіне басымдық берілуде. Сондай-ақ, көршілес бөлімшелерге, атап айтқанда Алматы және Балқаш станцияларына пойыздар құрастырып жөнелтуде, жалпы қозғалыс саласындағы өндіріс барысында солтүстік айналымдағы бағыттама қосынының маңыздылығы аса жоғары.

Ауысым бойынша кезекпен жұмыс істейтін пост кезекшілерінің жұмысы



қауыр. Пойыз қозғалысының қауіпсіздігін сақтау барысында олардың еңбегі жоғары деңгейдегі жауапкершілікті талап ететіні белгілі. Бір мысал – бағыттама бұрмалардың техникалық жай-күйі пойыздарды қабылдап-жөнелтумен бірге қатаң назарда ұсталады. Аягөз станциясындағы №2 бағыттама қосыны да ағымдағы жөндеуден өткізілген болатын. Станцияның техникалық кеңсесі де жөндеуден өтіп, қазіргі таңда жұмысы шпай түскен.

Өндіріс барысын жүйелі жүргізу үшін жайлы да заманауи жұмыс орнының маңызы зор екені белгілі. Бұл орайда Аягөз станциясында теміржолшылар игілігі үшін осындай іс-шаралар соңғы жылдары көптеп қолға алынууда.

Суреттерді түсірген автор

БҮГІНДЕ ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕШЕН, ІТ-ЖҮЙЕ ІШКІ ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСІН ҚАЗАҚСЫЗ ЖҮРГІЗУ ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА САЙ ЖҮМЫС ІСТЕУГЕ ТОЛЫҚ МҮМКІНДІК БЕРІП ОТЫР. БҮЛ АЙМАҚТАР ҮШІН ӨТЕ ТИІМДІ. ҚОЗҒАЛЫСТЫ БАСҚАРУ ӘЛДЕҚАЙДА ЖЕҢІЛДЕДІ!

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БЫЛТЫР ҚАЗАҚСТАН МЕН ТӘЖІКСТАН АРАСЫНДАҒЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

1,4 млрд  
ДОЛЛАРДЫ ҚҰРАДЫ

БИҮЛ ҚАҢТАР-ШІЛДЕ АРАЛЫҒЫНДА ЕЛ ІШІНДЕ ТЕМІРЖОЛМЕН

145,9 млн тонна  
ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ

СЕМЕЙДЕ ЖОСПАР БОЙЫНША

85,2 км  
ЖОЛ ТЕМІРБЕТОНҒА АУЫСТЫРЫЛАДЫ

## «NEW SILK WAY» БИЗНЕС-ФОРУМЫ ӨТЕДІ



ЖОБА

Астанада «NEW SILK WAY» VI Халықаралық көліктік-логистикалық бизнес-форумын өткізу жоспарланып отыр. 4-6 қазан аралығында өтетін іс-шара аясында «Translogistica Kazakhstan 2023» 26-шы Халықаралық көрмесі ұйымдастырылады.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,  
Астана

«ЕХРО» халықаралық көрме орталығында өтетін бизнес-форумға ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қолдау білдіреді. Форумның негізгі тақырыбы «Жаңа Жібек жолындағы мультимодальды

тасымалдау трендтері» деп аталады.

Форумда сарапшылар мен қатысушылар көлік жүйелерінің ынтымақтастығы мен интеграциясы, Орта дәліз бағытын дамыту, сондай-ақ мультимодальды тасымалдау саласындағы жаңа технологиялар мен инновациялар, жүктерді тасымалдау тиімділігін арттыру және жеткізу жағдай-

ларын жақсарту мәселелерін талқылайды.

Бизнес-форумның стратегиялық сессияларының біріншісі – «Орта дәлізді кеңейту перспективалары» тақырыбына арналса, екінші сессия «Жүк және жолаушылар тасымалын арттыру» деп аталды. Одан бөлек сессияларда «Контейнерлік тасымал: озық логистикалық шешімдер», «Ішкі теңіз жолдарындағы сауда

ағыны», «Көліктегі кадрлар мен ғылым» тақырыптары көтеріледі.

Ал былтыр бұл форум Алматыда ұйымдастырылып, онда көлік саласындағы жаңа мүмкіндіктер, халықаралық автомобиль тасымалдары, теңіз және теміржол логистикасы, азаматтық авиацияны дамыту және салада кадрлар даярлау мәселелері талқыланды. Жиынға ТМД, шетел министрлері, вице-министрлер, бизнес

қоғамдастықтың, мемлекеттік және жеке компаниялардың өкілдері қатысты. Ол кезде де жеке салалар бойынша панельдік сессиялар өткізілді. Бұл орайда «Қалыптасқан жағдайда көлік-логистика тасымалын дамыту», «Халықаралық көлік тасымалы: жаңа мүмкіндіктер көкжиегінде әріптестікті нығайту», «Мұхит логистикасы – тауар айналымының көшбасшысы», «Теміржол логистикасы», «Азаматтық авиацияны дамыту бағыты», «Жаңа Қазақстан жағдайында көлік пен логистиканы дамытудағы білім мен ғылымның рөлі» тақырыптарында баяндамалар жасалып, қатысушылардың талқылауына ұсынылды.

Ұлан ОРАЗ

## ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Жамбыл



Осы жазда Жамбыл өңірінде таулы аймақтарда өрт болғанымен, тілсіз жау болат жолдың бойына жақындай қоймады. Бұл мақсатта Алматы екі ағаштар дистанциясына қарасты Жамбыл учаскелік телімінің мамандары өздеріне тиісті жұмыстарын тыңғылықты атқаруда.

Темір жол бойын тазартып, табиғи факторлардан қорғайтын тал-дарақ отырғызып, оның күтімімен айналысып, оттан қорғау үшін күзде жол жиегін жыртып дегендей қыруар жұмыспен айналысатын бұл дистанцияның қызметі осал емес. Жамбыл учаскелік телімі Жамбыл және Түркістан жол бөлімшелері бойынша биыл да жоспарлы жұмыстарын ойдағыдай атқарды.

– Биыл бірталай жоспарлы жұмыстар жасалды. Жол бойын өрт қаупінен қорғау үшін болат жолдың екі шетін ала, арасына белгілі интервалдық қашықтықпен 1596 гектар жыртылуы керек болса, бүгінгі күні ол 970 гектарға орындалды. Сонымен қатар ағаштардың төбесі мен құраған бұтақтары кесілді. Оның жоспары 180,3 гектар болса, орындалғаны – 117,3 гектар. Жұмысшылардың жүріп-тұруына бір «КАВС» автобусы, бір дана «Фермер» УАЗ көлігі және жер жыртыу жұмыстарына бес трактор қызмет етеді, – дейді Жамбыл учаскелік телімінің бастығы Айдос Асабаев.

Мекемеде 45 жұмысшы бар. Олар көктем, күз бен жаз айларында жоғарыдағы жұмыстарды атқарса, қыста пойыздар қауіпсіздігіне қар мен боран кедергі келтірмес үшін жолшыларға көмектеседі.

## СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана



Осы жылдың тамыз айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінде «Тіршілік тамшы судан басталады» атты акция өтті.

Акция мақсаты – қоршаған ортаны қорғау проблемаларына экологиялық көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ су ресурстарын сақтауға және ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

Осыған орай темір жол қызметкерлерінің назарын суға ұқыптылықпен қарауға салып, жұмыс орнында, үйде үнемділік ережелерін сақтауға қатысты қарапайым кеңестер айтылды.

«Су – тіршілік көзі. Сондықтан әрбір адам үйдегі суды үнемдеу арқылы планетаны сақтауға үлес қоса алады. Оған Жаңа-Семей жол дистанциясы жолшылары мен Ақтөбе белгі беру және байланыс дистанциясы қызметкерлерінің суды үнемдеудің қарапайым тәсілін тауып отырғаны жарқын мысал бола алады. Мәселен, сіздің дәретхананың су жіберетін күбішесі екі режиммен жабықталмаған болса, онда артық су кетірілуіне қарапайым тәсілі мынадай: яғни екі литрлік пластикалық бөтелкені суға толтырып, күбішеге салып қоясыз. Бұндай тәсіл күніне 20 литрге дейін таза суды үнемдеуге көмектеседі», – дейді Дирекцияның экологиялық қауіпсіздік бөлімінің бастығы Айгүл Иришбетова.

Маман сөзіне қарағанда, Дирекцияға қарасты құрылымдық бөлімшелер мен өңірдегі филиалдардың қызметкерлері «Тіршілік тамшы судан басталады» акциясына белсенді қатысқан. Бір қарағанда, қарапайым кішкентай ғана дүние болып көрінері анық. Алайда, бұл гадет адам бойына сіңісіп кетсе, жаһандық проблеманы шешуге көмектесетін өзгерістер бастауы екені сөзсіз. Суды үнемдей отырып, планетаны, қоршаған ортаны, тіршілік атаулыны қорғауға атсалысыңыз. Бұл – әрбір адамның азаматтық парызы.

## БАСТЫ БЕКЕТТІҢ БЕРЕКЕЛІ ТІРЛІГІ

Қызылорда станциясы – өндірісі ауқымды, соған сай жұмыс көрсеткіштері әрқашан жоғары, аймақтың жүгін көтеріп тұрған негізгі станцияның бірінен саналады. Әрине, көрсеткіштердің асыра орындалуы теміржол көлігін пайдаланушылардың саны мен тасымалдағы жүктің көлемінің артуымен қатар, жүк операциялары сапалы атқарылып, құжаттардың кәсіби деңгейде рәсімделуіне де байланысты екені анық.



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Станция ұжымы биылғы жылды да табысты қорытындылауға мүдделі, оған барлық алғышарт бар көрінеді. Бірінші жартыжылдықта, мәселен 762 вагонға жүк тиеу межесі 1651 вагонға жеткізіліп, жоспар 216,67 пайызға орындалса, 49969 тонна жүк тиеу жоспары 107872 тоннаға жеткізіліп, 215,88 пайызға асыра орындалған. Осылайша, өндірістік жұмыс көрсеткіштері 101,07-216,67 пайыз аралығында орындалып, көш басынан көрінген станциялықтар бүгін де сол деңгейден төмендеген жоқ. Мұның бәрі бекеттегі теміржолшылардың кәсібилікке негізделген еңбегі, күнделікті тапсырмалардың шебер ұйымдастыра білуінің нәтижесі болса керек.

– Әр ауысым сайын күнделікті атқарылатын өндірістік жұмыстардың есебі тыңдалып, атқарылатын жұмыстарға сараптама жасалады. Станцияда еңбек ететін теміржолшылардың дені он-он бес жыл тәжірибесі бар кәсіби мамандар. Сондықтан әрқайсысы өздеріне бекітілген жұмыстардың жауаптылығын терең сезініп, кемшіліксіз жұмыс жасауға тырысады. Біздер осы жұмыстардың уақытылы, талапқа сай орындалуын қадағалап отырамыз. Күнделікті бақылау мен кәсіби жауапкершілік нәтижесінде өз міндетіміздегі жұмыстарды асыра орындауға мүмкіндік алып отырмыз, – дейді Қызылорда станциясының бастығы Қайрат Жанкелдіұлы.

Жалпы, Қызылорда станциясы ежелден аймақ теміржолы үшін кадрлар ұстахана-

сы ретінде танылған. Себебі жан-жақтағы ірілі-ұсақты станцияларды басқаруға Қызылордада еңбек етіп, тәжірибе жинаған теміржолшыларды тағайындау үрдісі болған көрінеді. Қазіргі таңда басты бекетті тәжірибелі теміржолшы, өз ісінің шебері Қайрат Төрединов басқарып, барлық жұмыстардың ретімен атқарылуын ұйымдастырып келеді. Бүгін де станциядағы бірқалыпты жұмыс ырғағы, бекеттегі қым-қиғаш қозғалысты реттеп отырған кезекшілер мен пойыз құрастырушылардың шапшаң қимылы, жүк қабылдап тапсырушылардың, тауар кассирлерінің ширақ та сауатты іс-қимылына күе болып, аймақтағы облыстық деңгейдегі басты бекеттің тірлігіне еріксіз тәнті болып аттандық.

*Суретті түсірген автор*

## АҚҚЫСТАУДЫҢ ЖҮГІ АУЫР



Аққыстау станциясы Ресейдің Астрахань бағытында – Нарын, Исатай, Афанасьев, Дина Нұрпейісова станцияларымен, Атырау бағытында Махамбет станциясымен шектеседі. Демек, шағын болса да көтерер жүгі ауыр. Себебі еларалық жүктер алдымен осы станция арқылы өтеді.

**Қосұым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Станция Исатай ауданының орталығында орын тепкендіктен, мұнда келер жүк көлемі де қомақты. Оның үстіне теміржолдың бойымен тасылатын жүктің көлемі жыл сайын артып, ауданның экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді. Жергілікті халықтың негізгі тұтынатын тауарлары, құрылыс материалдары, азық-түлік, техникалық құралдар, мұнай өнімдері, т.б. осы станцияға келіп, жинақталып тарайды.

Станциядан күндіз-түні толассыз өтіп жатқан құрамдардың қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысты ұйымдастырып отырған 5 станция кезекшісі, вагондарды қабылдап-тапсыру, түсірілген немесе станциядан жөнелтілетін вагондардың ақауларын, тазалығын қадағалайтын



5 жүк қабылдап-тапсырушы, келген жүктердің тарифтерін, тұрған сағаттарына алымдарын есептеп, қаржылық операцияларды жүргізіп отыратын 3 жүк кассирі қызмет атқарады. Жалпы, өңірде «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мем-

лекеттік бағдарламасын асыруға бағытталған жұмыстар жалғасын табуда. Бағдарламаға байланысты Исатай ауданында «Атырау-Астрахань» тасжолының күрделі жөндеуден өтіп жатқаны белгілі. Бұл жұмыстар қарқын алған сайын Аққыстау станциясының да жұмысы жандана түсуде, жол құрылысына қажет материалдар станция түйіқтарынан көптеп түсірілуде. Одан бөлек, вагонмен

жем, цемент, қиыршақ тас, т.б. жүктер жиі келеді.

– Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, 2021 жылы станцияда 2583 вагон жүк түсірілсе, 2022 жылдың тек 7 айында 2451, жыл қорытындысында 5 мыңға жуық вагон жүк түсірілді. Ал 2023 жылдың тек 7 айының өзінде 5684 вагон жүк түсіріліп отыр. Бұл – біз үшін жақсы көрсеткіш. Қазіргі таңда Аққыстау станциясы жол құрылысын салып жатқан PROGRESS CITY STROY, «Ант Иншаат Маден Санайи аноним ширкети», «КАЗСТРОЙСЕРВИС НС» ЖШС-не қызмет көрсетуде, – дейді станция бастығы Гүлнар Көшкімбаева.

Станцияға №625/626 «Атырау-Астрахань», №631/632 «Д.Нұрпейісова-Атырау» бағытында қатынайтын жолаушылар пойызы тоқтайды.

Жалпы алғанда «Нұрлы жол» бағдарламасының толыққанды жүзеге асуына теміржолшылардың да қосып жатқан үлесі орасан зор. Бұл жұмыстың бәрі, станция жұмысшысы, жол, байланыс және электрмен қамту мекемесіндегі теміржолшылардың белсенді еңбек қимылдарының нәтижесінде мүмкін болып отырған нәтижелер десек, артығы жоқ. Қазіргі уақытта станцияға бұрын болмаған ауыз су желісі де жүргізіліп, вокзал ғимараты орташа жөндеуден өткен.

*Суреттерді түсірген автор*

## Аймақ

### СУЫҚБҰЛАҚТЫҢ СЫМБАТЫ АРТТЫ

Биылғы жаз семейлік теміржолшылар үшін шын мәнінде жаңарту мен жаңғырту жылы болды. Жол табанынан бөлек желі бойындағы көптеген ғимараттар жаңа келбетке ие болып жатыр.



**Абай ЕРТІС,**  
Семей

Әсіресе шалғайдағы станциялардағы нысандар жөнделіп, қызмет барысында қолайлылық артуы жергілікті тұрғындарды қуанытып отыр. Мысалы, Жаңа-Семей-Шар телімінің 739,9-шақырымында орын тепкен, сонау Түркісіб дәуірінде салынған 3-ші класты Суықбұлақ станциясын алайық. Қазіргі таңда аталмыш станцияның сыртқы келбеті де, ішкі қызметтік бөлмелері де толықтай өзгеріп, жүз пайыз жаңарды деуге болады. Жергілікті

теміржолшылар мен ардагерлер игілікті шараға бастамашы болған бөлімше басшысы Владимир Бабиченкоға алғыс білдіруде.

Енді ше, станцияның тозыңқырап тұрған сыртқы келбеті қазіргі заманға сай әрленіп, қызметтік бөлмелер қайта жаңғыртылды. Суық өткізбейтін материалмен жылыланды. Станция бастығының кабинеті, жылыту қазандығы, техникалық кабинет, тауар кассирлері отыратын бөлмелер мен пойыз құрастырушыларының орындарына дейін қайтадан жаңғыртылды. Тіпті, қоймаға дейін күрделі жөндеуден өт-

кізіліпті. Жүргізілген шаралар қысқа мерзім ішінде сапалы жүргізіліп, көзделген уақытта аяқталды. Станция бастығы Ернұр Тұрсынбаевтың айтуынша, күрделі жөндеу жұмыстары қызмет ырғағына кедергі келтірмеген.

Сондай-ақ бөлімше басшылығының бастамасымен бірқатар станциялардағы нысандар күрделі жөндеуден өткізілген. Семей, Өскемен, Дегелең, Жаңа-Семей, Шар станцияларындағы көптеген теміржол нысандары жаңа кейіпке еніп, қосымша құрылыстар да жүргізілді.

*Суретті түсірген автор*

## КЕРЕҒАР КӨРСЕТКІШТЕР КЕМІГЕН

Осы жылы өткен 7 айда Жамбыл бөлімшесінде жүк шаруашылығы бойынша пойыздар қозғалысында ешқандай ақау орын алған жоқ. Дегенмен, осы мерзімде қауіпті жүк саналатын цистерналарды бөлімше арқылы транзиттік, яғни коммерциялық тасымалдауда екі вагон ағытылған.

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Тараз

Оған себеп, мотор жанар-жағармай тиелген цистерналармен жүк жөнелтуде «Петро Қазақстан Ойл Продакс» компаниясының ҚР «Теміржол көлігі туралы» Заңының 45-бабына кереғар келген әрекеті болып тұр.

– Жүк тасымалындағы қауіпсіздік шараларын көтеру мақсатында бөлімше басшылығымен кешенді іс-шаралар қабылданып отыр. Станция басшылары және коммерциялық тасымалға жауапты мамандармен тұрақты селекторлық жиын өтіп, қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру жұмыстарына техникалық ревизия ұйымдастырылып отырады, – дейді Тасымалды ұйымдастыру және тасымалдау шарттары бөлімінің бастығы Болат Абдуов.

Ал жүк тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз

ету бағытында ағымдағы жылдың жеті айында ешқандай оқиғалықтар болмағанымен, теміржол мүлкіне қол сұғудың бір оқиғасы орын алған. Сонымен қатар «пломбының» бұзылуының да бір фактісі тіркелген.

– Станция басшыларына, жауапты мамандарға темір жол мүлкіне қол сұққан жағдайда, қылмыстық жауапқа тартылып немесе материалдық шығынға түсетінін түсіндіру шараларын күшейту тапсырылды. Әсіресе Тараз, Шу станцияларының басшыларына жұмыс орнында практикалық дәрістер өткізу міндеттелді. Бұл жұмыстардың нақтылығын анықтап отыру мақсатында ай сайын желілік полиция бөлімінің ақпараттарымен салыстырмалы түрде тексеріліп отырады. Және жұмыстар жыл соңына дейін жүргізіледі. Дегенмен, алдыңғы жылға қарағанда былтыр да, биыл да жүк шаруашылығындағы қауіпсіздікпен байланысты кереғар көрсеткіштер кеміген, – дейді бөлім басшысы.

## Ремонт

## ВРЕМЯ УСИЛИВАТЬ ПУТЬ

Работы по усиленному среднему ремонту (УСР) пути в Оскеменском регионе находятся в самом разгаре. Всего таким способом предстоит отремонтировать 7,5 километра на Оскеменской дистанции пути, после чего УСР начнется в Кумыстауской дистанции пути на 10 километрах. Работы на главном пути станции Оскемен-1 проводят во время 12-часовых «технологических окон» в ночное время, чтобы не выбивать из графика пассажирские и грузовые поезда.



Ольга УШАКОВА,  
Усть-Каменогорск

За каждое такое окно путейцы проводят усиленный средний ремонт пути протяженностью 750-800 метров. По словам заместителя директора Семейского отделения магистральной сети Алибека Шуманова, всего на Оскеменской дистанции пути запланировано выполнить УСР с 236-го километра станции Усть-Каменогорск до станции Новоустькаменогорск.

– Мы в 2021 году усиленный средний ремонт пути на этом участке частично выполнили, в этом году продолжаем, – рассказал он. – По станции Оскемен-1 – участок сложный, есть северная, южная части станции, сортировочная. Постоянно проводятся маневровые работы. Соответственно, во время УСР

работникам нужно быть особенно бдительными. Мы строго следим за ходом выполнения усиленного среднего ремонта, выполнением требований производственной безопасности, охраны труда.

Самый тяжелый вид работ при УСР – разборка старых решеток с деревянными шпалами, которые уже довольно изношены. Их меняют на решетки с железобетонными шпалами.

26 августа на станции Оскемен-1 проводили усиленный средний ремонт во время третьего по счету технологического окна.

По словам заместителя директора Семейского отделения грузовых перевозок Марата Уалиева, посылку УСР проводится в ночное время, с 20.00 до 8.00 утра, то участок работ хорошо освещают. Большую работу, помимо энергетиков, проводят связисты. – В 19.20 отправляется поезд

Оскемен-1 – Алматы, после чего у нас открывается «технологическое окно», – объяснил он. – Днем на станцию приходят и отправляются другие пассажирские поезда сообщением Оскемен-1 – Астана, а также пригородные по направлению на станции Риддер, Алтай, на Алаколь. Поэтому усиленный средний ремонт проводим в ночное время.

К 26 августа УСР выполнили на участке пути протяженностью больше полутора километров. Интересно, что, несмотря на позднее время, работники, занятые на ремонте, были бодры и приступили к делу слаженно и энергично. Процесс усиленного среднего ремонта контролирует лично руководство Семейского отделения грузовых перевозок, Семейского отделения магистральной сети, а также Оскеменской дистанции пути, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Семейской дистанции электрооборудования, станции Оскемен-1, участковые ревизоры. Всего на УСР задействованы 35 человек и техника, которая пришла из ПЧМ станции Акадыр.

Заместитель директора ПЧМ Акадыр Асхат Мирамбаев рассказал, что его бригада находится в Оскеменском регионе с 20 июля. До этого они помогли в проведении усиленного среднего ремонта путейцам Жетысуской области, на станции Коксу проводили УСР на 15 километрах пути. Также

ПЧМ Акадыр задействована на усиленном среднем ремонте в Жамбылской области, на перегоне Жамбыл – Каратау, где он выполнен на 12 километрах пути. В Костанайской области, Северном парке станции Костанай, УСР сделали на восьми километрах пути. После работ на Оскеменской дистанции пути работники и техника ПЧМ Акадыр отправятся на УСР в Кумыстау. Там запланирован ремонт 10 километров пути.

– Наша путевая техника, которая задействована в УСР на станции Оскемен-1, – это краны – разборщик, укладчик, четыре моторки МПТ, хопперная вертушка ХДВ. Из автотехники – автогрейдер, трактор для набивки стыковых рельсов, КамАЗ – вахтовка для перевозки людей, автомобиль УАЗ.

Усиленный средний ремонт проводили пошагово. Сначала путейцы сняли крепежные болты на решетках главного пути, разборный кран стал убирать старые шпальные решетки, с помощью автотехники стали очищать балласт, работники лопатами стали выравнивать щебеночное полотно на месте стыков. Потом кран-укладчик положил решетки на железобетонной основе на место снятых. После этих работ полотно засыпали щебнем из хоппер-дозаторной вертушки ХДВ, выполнили выравниво-подбивочные работы. После их окончания выполняется сварка стыкового соединения рельсов.

«Технологические окна» мы берем через сутки, ночью. Усиленного среднего ремонта здесь не было больше 20 лет, и выполняемые нами сейчас работы значительно оздоравливают, усиливают путь, – говорит Марат Уалиев.

По данным Семейского отделения грузовых перевозок, в Семейском регионе в это время подрядная организация ТОО ТЖК «ПМС Астана» проводит капитальный ремонт пути. При общем плане в 85,2 километра до конца текущего года уже выполнено 47,9 километра.

Фото автора

## ОСТАЛОСЬ НЕМНОГО

Айдана ЕРТАЙ,  
Павлодар



До конца года в павлодарском железнодорожном вокзале завершатся все ремонтные работы. Об этом подрядная организация сообщила акиму области Асаину Байханову в ходе рабочего визита.



В начале года глава региона дал поручение на основе разработанной проектно-сметной документации провести реконструкцию объекта, которым каждый день пользуются порядка четырех тысяч жителей и гостей Павлодарского Прииртышья. В 2022 году общий пассажиропоток составил более 570 тысяч человек. Финансовые расходы взяла на себя градообразующая компания региона KAZ Minerals Boshakol. На вокзале полностью обновятся система тепло- и водоснабжения, канализация, освещение, будут заменены подвесной потолок и напольное покрытие, обустроены комфортные кассовые зоны, зала ожидания, фудкорта и т. д. Асаин Байханов, проверяя ход ремонтных работ, отметил, что большое внимание, конечно, нужно уделять качеству и удобству пассажиров.

– Строительно-монтажные работы начаты на втором этаже здания, смонтирована новая система теплоснабжения, заказаны все необходимые материалы, – сказал аким области.

К слову, в павлодарском железнодорожном вокзале капитальный ремонт не проводился 20 лет. С введением новых стандартов здание перестало соответствовать современным стандартам и нормам, предъявляемым к объектам повышенного скопления людей.

## НА ЗАКАТЕ ЛЕТА

В продолжающийся сезон летних путевых работ в Алматинском регионе капитально отремонтировали почти 55,2 километра пути, полностью заменили рельсошпальную решетку и обновили балластный слой. Все путевые работы проводятся для повышения безопасности движения, увеличения скорости и веса поездов.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Модернизация и ремонт путевого комплекса, безусловно, способствуют повышению скорости следования поездов с поддержанием стабильно высокого уровня безопасности железнодорожных перевозок. В этом году в регионе капитальный ремонт пути проходит в объеме 55,24828 километра. Ремонт охвачены участки Актогайской, Уштобинской и Алматинской дистанций пути. Согласно плану, все путевые работы выполняются строго по графику и без проволочек.

Взять, к примеру, Актогайскую дистанцию пути перегон Каракум – Кокшалгын участка Актогай – Матай, где оздоровление пути запланировано в объеме 17,708 километра. И на сегодняшний день уложена рельсошпальная решетка на 100%. Также удалось



провести глубокую очистку балластной призмы, которая играет важную роль в минимизации нагрузок, которые испытывает путь при движении поездов.

Ударными темпами выполнены все запланированные работы на перегоне Ак-Узек – Кумтобе участка Матай – Уштобе Ушто-

бинской дистанции пути № 45 в объеме 12,54658 километра. Характерно и то, что все работы проходят с соблюдением всех норм безопасности. Производились укладка новой РШР, щебеночного балласта, смена инвентарных рельсов на длиномерные плиты, сбор инвентарных рельсов выпол-

нялся краном УК-25/18. А срезка и планировка основной площадки земляного полотна выполнялись тракторами и автогрейдером. Новые звенья доставляли на перегон путеукладочными поездами, дозировка пути на щебеночный балласт производилась с применением хоппер-дозаторов. Работы выполнялись поточным способом в темпе ведущей машины-путеукладчика УК-25/18. В ходе работ произведена подбивка шпал для исправления деформаций, которые возникают в результате эксплуатации. Особенно важно это на грузонапряженных участках. Для осуществления капитального ремонта используется специализированная техника: щебнеочистительные и выправочные комплексы, бульдозеры, машина по сварке рельсовых стыков. Для минимизации влияния на график движения поездов предоставлены «технологические окна».

Ведутся работы на участке Моинкум – Копр участка Уштобе – Сарыозек в объеме 9,824 километра и перегон Малай-Сары – Сайлы в объеме 7,055 километра. А на четвертом этапе предусмотрен план смены РШР на участке Алматинской дистанции пути. Капитальный ремонт пути проходит на перегоне Коскудук – Кулантобе участка Алматы – Сарыозек в объеме 8,115 километра.

Фото автора

## УСЛОВИЯ ДЛЯ ТРУДА И ОТДЫХА

Любовь РОВБА,  
Астана



Десять домов отдыха для локомотивных бригад отремонтировано с начала года ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Во время ремонта заменили кровлю, обновили фасад, благоустроили прилегающую территорию зданий. Качественно выполнили внутренние отделочные работы, создав в помещениях уют и комфорт. Обновили сантехнику, сменили водонагреватели, а также пластиковые трубы системы отопления на металлические.

Отремонтированные здания, где работники смогут полноценно отдохнуть между поездками, расположены на станциях Пресногорьковская, Сексеул, Аксу-1, Мангистау, Акбидаик, Ерейментау, Сарышаган, Шу, Кульсары.

По графику с соблюдением всех норм и требований ведется ремонт еще 31 дома отдыха локомотивных бригад.

Социальное благополучие и создание условий для надлежащего отдыха локомотивных бригад как одного из самых важных условий безопасности движения поездов являются одними из приоритетных задач ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

## ПОЛЕЗНОЕ НАЧИНАНИЕ



На станции Дарья Карагандинской области стартовал пилотный проект по строительству скотоизгородей. Работы проводятся силами представителей местного акимата, железнодорожников, предпринимателей, владельцев скота. На сегодняшний день огорожено 1,5 километра пути железнодорожного полотна.

Светлана МОГАЙ,  
Караганда

По словам заместителя директора Карагандинского отделения магистральной сети Серика Айкынбекова, пребывание домашних животных на путях – очень большая тема.

Буквально два месяца назад транспортной прокуратурой Карагандинской области было инициировано мероприятие с участием представителей акимата районного значения, железнодорожников, владельцев скота и предпринимателей, где поднимался вопрос касательно пребывания скота на путях. В ходе дискуссии и бесед стороны

пришли к единогласному мнению о дальнейшей совместной работе. То есть железнодорожными организациями предоставляются материалы – негодные шпалы и проволока, а в задачу акимата входит привлечение людей из числа местных жителей, владельцев домашних животных. Операция по установке скотоизгородей началась на станции Дарья. Согласно проекту, строительство продолжится в сторону станции Мойынты.

– Этот вопрос поднимается из года в год, однако сдвиг в положительную сторону пока не так уж много. В настоящее время наблюдается благосостояние населения, и тем самым увеличивается поголовье скота, за которое должны нести ответственность их



владельцы, – считает он. – Мы живем в правовом государстве, в котором прописаны все законы, в том числе об инфраструктуре железных дорог и организации выпаса скота. В большей степени владельцы домашних животных не могут обеспечить платный выпас животных, отчего и назрел вопрос, связанный с ограждением железнодорожного полотна от скота. Эта потребность появилась лет 7-8 назад. На сегодняшний день инфраструктура железных дорог по всему Казахстану имеет большую протяженность – свыше 21 тысячи километров пути, и невозможно бросить все силы и средства на эти потребности. Вопросы эти решаются ежегодно и поэтапно. В текущем году по Карагандинскому

отделению ГП запланировано строительство 44 километров скотоизгородей.

Стоит отметить, что, ограждая инфраструктуру от скота, открывается другая не менее важная проблема. Ни для кого не секрет, что в сарыаркинских степях, которые являются частью заповедных зон, обитают дикие лисы, волки, бурундуки, сайгаки. На сегодняшний день появились отклики от курирующих структур природоохранных зон о том, что скотоизгородей мешают миграции диких животных.

– Стоит также затронуть еще один важный вопрос, напрямую связанный с вандализмом, то есть воздвигаем заборы, мы приходим к тому, что эти строения разрушаются теми же владельцами скота, местными жителями, проживающими в населенных пунктах, – ими крадутся проволока, стойки и другие материалы, – продолжает разговор Серик Айкынбеков. – Иногда люди не хотят обходить огороженные пути и разрушают конструкции, тем самым принижая труд железнодорожников и нанося ущерб текущему содержанию пути. Как известно, на возведении изгородей направляются люди и выделяются строительные материалы. Это огромный труд, и до тех пор, пока местное население не поменяет свое мировоззрение, перемен не предвидится.

Фото автора

№72 (2889) 29/08/2023

## 1,5 МЫҢ ОҚУШЫНЫ ҚАМТИДЫ

Қызылорда темір жолында еңбек ететін қызметкерлердің балаларын жаңа оқу жылына орай мектепке дайындау акциясы қызу жүріп жатыр. Ұжымдық шартта көрсетілген талаптар негізінде тиісті санаттағы ата-аналарға көмек көрсетілуде.



Күні кеше 355 бұддірінге оқуға қажетті құралдармен толтырылған мектеп сөмкесі тапсырылды. Қызылорда ЖТ қосалқы бөлімі бойынша «Баланы мектепке дайындаймыз» акциясымен 1227 балаға 2 АЕК көлемінде қаржылай көмек беріліп, мектеп сөмкесі қоса табыс етілген. Мұның 49-ы жалғызбасты ата-аналар. Сондай-ақ Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында 23 балаға, Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясында 38 балаға, Сексеуіл локомотив пайдалану депосында, Қызылорда электрмен жабдықтау дистанцияларында 18 балаға көмек берілген.

– Жалпы, қос бөлімше бойынша 1582 балаға, 544 ата-анаға әлеуметтік қолдау көрсетілді. Ал отбасы күніне байланысты 487 теміржолшы жанұясына 4 АЕК көлемінде қаржылай көмек беріледі, – деді Қызылорда ЖТ қосалқы бөлімінің кадр маманы Шамшагул Алпысбаева.

– Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің жеке шаруашылығы бойынша кәсіподақ ұйымы 22 балаға, жалпы бөлімшенің шағын станцияларында тұратын теміржолшылардың 160 баласына көмек көрсетіліп, вокзал шаруашылығы бойынша Ұжымдық шарттың 32-бабына сәйкес үш және одан көп баласы бар және жалғызбасты 57 ата-ана мен олардың 158 баласына әлеуметтік қолдау көрсетіліп, балалар мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі, – деді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімі маманы Салтанат Махмутова.

Науқандық акция аясында Қызылорда ЖТ қосалқы бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев Қызылорда, Белкөл станцияларында тұратын теміржолшылардың 25 баласына оқуға қажетті заттармен толтырылған мектеп сөмкесін жеткізіп, Ұжымдық шарт талаптарына сәйкес бөлім теміржолшыларының отбасындағы 3, 4, 5-сыныптарға баратын оқушыларға және үш немесе одан да көп баласы бар отбасының әр баласы үшін де қаржылай көмек берілетінін айтты.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда  
Суретті түсірген автор



## САМҰРЫҚ СЫЙЛАҒАН СӨМКЕ

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалған шақта шығыстағы теміржолшылар қауымы «Мектепке жол» акциясын қолға алды. Биылғы іс-шара жылдағы дәстүрден өзгере болып отыр.

Себебі, ағымдағы жылғы қайырымдылық жұмыстарының бас демеушісі «Самұрық Қазына» АҚ өзінің 15 жылдығына орай күллі Абай облысында тұратын көпбалалы әрі аз қамтылған отбасылардың бірінші сыныпқа баратын балаларын мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтып отыр.

Ал осы жауапты істі аз уақытта атқарып шығу семейлік теміржолшыларға жүктеліпті. Атап айтсақ, есімдері ұлттық компания бойынша «100 жас есімге» енген белсенділер, Жастар ұйымының төрайымы Арайлым Қосанова мен бөлімшенің өндірістік қауіпсіздік және экология бөлімінің жетекші инженері Бекзат Кәрімханов Абай облысына арнайы жіберілген керек-жарақтарды қабылдап алып, өңірлердегі мұқтаз отбасыларға

таратып жатыр.

Сыйлықтың ішінде «Самұрық Қазынаға» 15 жыл толуына орай арнайы эмблемасы бар рюкзак, түрлі түсті қағаздар мен қарындаштар, акварель, ермексаз бен оқушы дәптерлері және арнайы пенал, т.б. бар.

Бір ғана Абай облысы бойынша білім ордасы табалдырығын алғаш аттайтын 1603 балақайға тарту жасау көзделініпті. Бұл ретте семейлік еріктілер өткен апта бойы Семей қаласы мен шаһар маңайындағы іргелес елді мекендерді аралап, мектеп жабдықтарын үлестіріп шықты. Сыйлық алған отбасылар әр түрлі салада еңбек етеді екен.

– Күні кеше жаз айларында орман өртімен күрескен, негізінен орманшылар қауымы тұратын, шекара түбіндегі шағын ғана Таица ауылына ат басын

түрдік. Бірінші сыныпқа небары он бала ғана барады екен. Бір қызығы, осы ауылдың барлық тұрғындары дерлік көпбалалы болып шықты. Әрқайсысында жетіден, бестен мектеп жасындағы балалар бар. Елеусіз жатқан шалғайдағы елді мекен халқы бір қуанып қалды, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік бөлімінің жетекші инженері Бекзат Нұрланұлы.

Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесінің бас кеңсесіне жеткізілген оқу құралдарын тарату ісі аяқталуға таяу. Семей өңірі бойынша шамамен екі жүздей ғана балақай қалыпты. Оларға керек-жарақтары осы аптаның ішінде толықтай табыс етілмек.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей  
Суретті түсірген автор

## ТӨРТ МЕКТЕПКЕ КӨМЕК БЕРДІ

Сексеуіл локомотив пайдалану депосының ұжымы станциядағы 4 мектептің оқушыларына «Мектепке жол-2023» акциясы аясында көмек көрсетті. Атап айтқанда, олар депо кәсіподақ комитетінің қолдауымен кенттегі №177, 231, 283, 87 мектептің балаларына оқу құралдарын табыс етті.

– Жыл сайынғы қайырымдылық акциясына біздің депо ұжымы белсенді қатысып тұрады. Осындағы мектептерде оқитын, жағдайы жоқ аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жыл көлемінде көмек көрсетіп келеміз. Бұл жолы да ішінде оқуға қажетті құралдардың бәрі бар сөмкелер тараттық, ата-аналары да, балалар да қуанып, риза болып қалды, – дейді аталған депо директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Еркебұлан Аяғанов.

– Сексеуіл кентіндегі Локомотив пайдалану депосының ұжымына, кәсіподақ комитетіне мектебіміздің атынан ризашылығымызды

білдіреміз. Үнемі мектеп балаларына өз қайырымдылықтарын жасайды. Алладан еселеніп қайтсын. Барлығымыз да балаларымыз үшін өмір сүріп жүрміз. Бала – қоғамның бөлшегі. Олардың дені сау болсын. Теміржолшылар қауымына абырой мен табыс тілеймін, – дейді станциядағы №177 мектеп директоры Күлайша Сүлейменова. Мұндай қайырымдылық акцияларына аталған станциялардағы өзге де құрылымдық мекемелер ұжымдары атсалысып, жаңа оқу жылы бастала бастауға науқанға белсенді қатысуда.

**Ұлан ОРАЗ**

## ДОРОГА В ШКОЛУ СТАНЕТ ЛЕГЧЕ

Замечательные и нужные подарки первоклассникам, чьи родители трудятся на предприятиях Семейского отделения грузовых перевозок в Оскеменском регионе, преподнес к новому учебному году профсоюз. Детям приготовили яркие и модные рюкзаки с канцелярскими принадлежностями.



В каждом ранце – все необходимое для усердных занятий за школьной партой. Здесь есть тетради в клеточку и для прописи, пенал с ручкой, карандашом, ластиком, цветные карандаши и бумага, альбом для рисования, акварельные краски. Лица детей светились от радости, когда заместитель руководителя Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону Марат Уалиев и председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов вручали им такие подарки.

В актовом зале Семейского отделения ГП в Усть-Каменогорске собрались ребята и их родители, работающие на станциях Оскемен-1, Коршуново, Новоустькаменогорск, Усть-Каменогорск,

Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо. Марат Уалиев поздравил всех детей с первым в их жизни учебным годом. Конечно, их родителей – тоже. Шестилетняя Айла Бахыт, чей отец Рыспек Кудайбергенов работает составителем поездов на станции Новоустькаменогорск, пришла получить свой рюкзачок вместе с мамой. Она прочитала первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов вручали им такие подарки.

Всего собрались около 20 ребят. Но в первый класс пойдут в этом году 75 детей железнодорожников. Остальным вручат ранцы в линейных подразделениях.

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск  
Фото автора

## ҚҰАНТСаң – ҚҰАНТ БАЛАНЫ...

«Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде қарқынды жалғасуда. «Қуантсаң – баланы қуант» демекші, жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын шара өңірде биыл да өткізілуде.

Акцияның мақсаты – 4 және одан көп балалары бар және отбасыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармай қалуын болдырмау. Биыл Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша 109 жұмысшының отбасына, яғни барлығы 350 оқушыға, ал Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша 283 отбасы, 899 оқушыға 2 АЕК қаражат бөлінді.

Одан бөлек екі бөлімше бойынша 252 балаға сөмкеден бастап барлық мектеп оқу-құралдары табыс етілді. Содан соң кәсіподақ тарапынан да аз қамтылған және көп балалы теміржолшылардың, оның ішінде вагонқұрастырушылар, жүк қабылдап-жөнелтушілер, операторлар мен тауар кассирлері, жолшылар, пойыз диспетчерлері, локомотившілер, т.б. қарапайым жұмысшылардың бірінші сыныпқа баратын балаларына сыйлық жасалды. Балалар ата-анасының жұмыс орнынан беріп жатқан осынау сыйлыққа қуанып, маз болды.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,** Атырау облысы  
Суретті түсірген автор



## ФУТБОЛ, ТЫ – ЖИЗНЬ!



На футбольных аренах спортивного комплекса «Сайран Арена» прошли игры первого чемпионата Республики Казахстан по футболу среди ветеранов в формате бхб, в котором приняла участие и команда «КТЖ-ПРОФСОЮЗ».

Выиграв в своей группе футболистов из Актау со счетом 4:0, Павлодар 3:1 и Акмолинской области 6:1, железнодорожники в полуфинале по пенальти со счетом 8:7 одолели команду «Казфосфат» Каратау (счет в основное время 1:1).

В финале железнодорожникам противостояла команда «Легенда» из Экибастуза. Забив в каждом тайме по голу, команда «КТЖ-ПРОФСОЮЗ» в упорной борьбе в итоге выиграла опытных соперников со счетом 2:0. Таким образом, команда

«КТЖ-ПРОФСОЮЗ» стала чемпионом Республики Казахстан по футболу среди ветеранов.

– От лица нашей команды хочу поблагодарить председателя профсоюза Оразғали Ахметбаева за возможность участвовать в данном чемпионате Республики Казахстан. Все команды достаточно были подготовлены, но мы сумели не допустить ни одного поражения и стали победителями первого чемпионата Республики Казахстан по футболу среди ветеранов, – поделился впечатлениями

руководитель команды «КТЖ-ПРОФСОЮЗ» Абиур Джумаев.

Согласно Коллективному договору, между АО «НК «КТЖ» и его трудовым коллективом на 2021-2023 годы профсоюз оказывает содействие администрации компании в продвижении спорта и здорового образа жизни среди работников, так как только здоровый и целеустремленный коллектив способен добиваться высоких результатов деятельности.

**Руслан РАХМЕТОВ**  
Фото автора



## ТО, ЧТО НАС ОБЪЕДИНЯЕТ

В Костане завершил свой исторический веломарафон железнодорожник и ветеран спорта, член Актобинского регионального совета ветеранов Жумабек Отарғалиев.

Свой веломарафон он посвятил сразу нескольким национальным знаменательным датам: 800-летию Султана Бейбарса, 25-летию Астаны, 70-летию строительства железнодорожной линии Мойынты – Шу. В ходе этого марафона отчаянный ветеран объехал все казахстанские отделения железных дорог. Свой маршрут он окончил в Костане. Как сообщил сам ветеран-железнодорожник, всюду коллеги-железнодорожники встречали его с



теплом и почтом. Помогали, говорили слова поддержки и благодарности. В частности, в Костане его встретил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбек Казымов, а также председатель Костанайского регионального совета ветеранов Раушан Абишева и представители других структур. Руководители поблагодарили

отважного ветерана за патриотизм, смелость и достойный пример для подражания для молодых железнодорожников и казахстанцев вообще. Как сказал сам Жумабек Отарғалиев, в ходе его путешествия больше всего поразила красота и необычность нашей страны, ее современное развитие, а также радушие и прогрессивность самих простых казахов. Благодаря таким поездкам, говорит он, лучше всего узнаешь свой родной край, его многообразие и в то же время единство, то, что объединяет всех казахов, в какой бы части нашей великой страны они ни жили.

Завершив свой непростой путь в Костане и встретив здесь радушный прием от коллег, ветеран через станцию Тобол отправился в свой родной Актобе. Конечно же, своим ходом, на велосипеде. **Аслан КУДАБАЕВ,** Костанай  
Фото автора



**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**



**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**

Бас редактор  
**Дина Мұздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Паничева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
**Шымкент:** Сабара Байзақова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.